



Толымды істер жалғасын табады

«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» мүлтіксіз орындалуы қазақ тілінің бағын ашуы тиіс. Аталмыш бағдарлама қабылданғалы атқарушы билік осы бағыттағы жұмысты ширатып, талапты күшейтті. Соның нәтижесінде тіл саясатында алға жылжушылық бар. 17 қазан күні қала әкімдігінің мәжіліс залында Екібастұз қаласында тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының кезекті отырысы өткізіліп, онда төрт мәселе қаралып, тапсырмалар берілді.

Ж.ЖӨЛЕЛҰЛЫ

Ең алдымен, жоғарыда аталған бағдарламаның орындалуы туралы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А.Жұмабаева ақпарат берді.

Биылғы жылға 35 іс-шара жоспарланса, бүгінгі күнге соның 21-і жүзеге асырылған. Енді тарата айтар болсақ, бағдарламаның тіл туралы заңнаманың орындалуына мониторинг жасау, әдістемелік көмек көрсету бағытында әкімдіктің атқарушы органдарынан мемлекеттік тілде шығатын құжаттарға ай сайын мониторинг жүргізіліп отырады. Есептік кезеңде бұл көрсеткіш 100 пайызды құрапты. Ал әдістемелік көмек көрсету үшін дербес бөлімдердегі аудармашылар мен іс жүргізушілердің қатысуымен семинар өткізілген.

Сонымен бірге 100 нысанда тіл саясатының қалай жүзеге асырылып жатқандығына мониторинг жасалған. Орын алған кемшіліктер көрсетіліп 25 хат жазылған. Бүгінгі күні кемшіліктер түзетілді.

Екінші бағыт-мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге оқытуды

ұйымдастыру. Осы орайда қазақ тілін меңгеру курсы 45 мемлекеттік қызметші, басқа да санаттағы 60 адам аяқтаған. Осы мақсатқа қалалық бюджеттен 1918 мың теңге бөлінген. Сонымен қатар 55 мемлекеттік қызметші ағылшын тілін үйренген.

Тіл саясатын дамыту мен насихаттау мақсатында әртүрлі мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру, ұлт өкілдерінің тілдерін дамыту мен сақтау үшін жағдай туғызу бағытында да бірталай іс тындырылған. Мәселен, «Тіл - барлық білімнің кілті»; «Түркі жазбалары күндері» және т.б. байқаулар, «Аударма жасау мен мемлекеттік тілде іс жүргізудің тәсілдері» семинары ұйымдастырылған.

Қысқасы, атқарылған жұмыста нақтылық бар. Хабарламадан соң қала әкімі А.Вербняк өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуі маңызды екендігіне назар аударып, ынталандыру жағын ескеруді айтты. Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бұл орайда арнайы телебағдарламаға тапсырыс бермекші. Қазіргі кезде өзге ұлттың 96 баласы қазақша оқып жүр екен. Телехабар мақсаты осы үрдісті дәріптеп, насихаттау болмақшы. Сонымен бірге қала әкімі алдағы жылдың қаражатын жоспарлағанда кәсіпорындар мен мекемелердің мемлекеттік тілді меңгерушілерді ынталандыруға қаражат қарастыруын тапсырды.

Екінші мәселеде «Достық» үйінің директоры Л.Н. Макарчук ақпарат берді. Ол этномәдени бірлестіктердің ана тілін оқып-үйреніп жатқанын, мәдени шаралар өткізетінін тілге тиек етті. Сонымен бірге мемлекеттік тілді үйренуші өзге ұлт жастары да бар деді. Алайда, бұл сөзі шындыққа аса жанаспайтын тәрізді. Өйткені, «Достық» үйінде қазақ тілі мұғалімі жоқ. Ендеше, сабақ қалайша жүргізіледі? Осы мәселеге назар

аударған қала басшысы директорды мұғалім алуға міндеттеді. Бұл мақсатқа қаражат бөлінеді.

Жұмыс тобының отырысында Павлодар облысы бойынша жылжымайтын мүлік орталығы Екібастұз филиалында мемлекеттік тілге қатысты атқарылған шаруа жөнінде филиал директорының міндетін атқарушы Қайрат Сүлейменов баяндады.

Филиалдағы он жеті қызметкердің он төрті қазақ тілін еркін біледі екен. Қалған үшеуі орташа дәрежеде меңгерген. Іс қағаздары екі тілде рәсімделеді. Былайша айтқанда, бәрі дұрыс. Тек халық көп баратын мекеме қызметкерлері қабылдауды да мемлекеттік тілде жүргізуді дағдыға айналдырса, көнеки.

Үстіміздегі жылдың маусым айында жұмыс тобы бірқатар кәсіпорындар мен мекемелерде болғанында кемшіліктер анықталып, түзеуге тапсырмалар берілгенді. Сол тапсырмалардың орындалуы туралы «Вершина» ЖШС-нің бас инженері Өлібек Қуанышев, «Майкөбен-Вест» ЖШС-і директорының міндетін атқарушы И. Попов, №2 емхананың бас дәрігері Құланда Сәкенова есеп берді. Көңіл көншітерлігі үшеуінде де көрсетілген кемшіліктер жойылыпты. Мемлекеттік тілді оқыту жолға қойылып, кабинеттер ашылып, тағы басқа жұмыстар қолға алынған.

Жалпы, қала басшысы тарапынан қатаң сұралуы нәтижесінде тіл заңнамасы талаптарын жүзеге асыру жақсаруда. Әрине, қазақ тілін біздің елімізді мекендеп отырған өзге ұлттардың, яғни, отандастарымыздың меңгергені жақсы. Десек те, меңгеру істің бір жағы ғана, екінші жағы қызметте қолдана білу. Дәл осы тұста әр кәсіпорында, мекемеде қазақтар үлгі болуы керек. Өйткені, мемлекеттік тілдің өрістеуіне, ең алдымен қазақтар жауапты.